

**Ауданның ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Сандықтау аудандық мәслихатының 2011 жылғы 7 қыркүйектегі № 28/7 шешімі. Ақмола облысы Сандықтау ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 20 қыркүйекте № 1-16-134 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Сандықтау аудандық мәслихатының 2013 жылғы 30 сәуірдегі № 54 хатымен)

**Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Сандықтау аудандық мәслихатының 30.04.2013 № 54 хатымен).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңының 7 бабының 3 тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 қаулысымен бекітілген Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну ережелерінің 2 тармағына сәйкес аудандық мәслихат ШЕШТІ:

1. Ауданның ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына жетпіс есе айлық есептік көрсеткішке тең көтерме жәрдемақы және бір мың бес жүз есе мөлшер айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада республикалық бюджет қаражаты есебінен тұрғын үй сатып алуға кредит түрінде әлеуметтік қолдау шаралары ұсынылсын.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

	<i>А у д а н д ы қ м ә с л и х а т</i>
<i>сессиясының төрағасы</i>	<i>Ш.Докаев</i>
<i>Аудандық мәслихат хатшысы</i>	<i>Ш.Сабыржанов</i>
<b>«КЕЛІСІЛДІ»</b>	
<i>Сандықтау ауданының әкімі</i>	<i>Қ.Сүйіндіков</i>

*«Сандықтау ауданының  
экономика және қаржы бөлімі»  
мемлекеттік мекемесінің бастығы Н.Мурашиди*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК